



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ПРЕСС-АНОНС

Құрметті әріптестер!

2022 жылдың 17-18 қараша күндері Түркияның Анкара қаласында, **25 қараша** күні Алматы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасы, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, әл-Фараби орталығы, Қазақтану орталығы), Хажеттепе Университеті, ТҮРКСОЙ және Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Бас Елшілігі, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстандық Философиялық конгресс және «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасының стипендиаттарының бірлесіп ұйымдастыруымен **белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, философия ғылымының докторы, профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған бірқатар маңызды ғылыми іс-шаралар өтеді.**

17-18 қараша аралығында Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында «Түркі әлеміндегі Қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық конференцияның аясындағы іс-шаралардың алғашқы бөлігі өтеді. ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшылығының кеңсесінде профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының «Қазақ этикасының теориясы мен тарихы» және «Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы» атты еңбектерінің негізінде Хажеттепе университетінің профессоры, доктор Өзкүл Шобанұғлы және профессор, доктор Сажиде Шобанұғлының түрік-оғыз мәдениеті бойынша толықтырылуымен «Қазақ және оғыз этикасы: фольклорлық метаэтикалық негіздеме» кітабының тұсаукесері өтеді. Кітап толық түрік тіліне аударылып, толықтырылған күйде ғалымдар мен қоғам назарына ұсынылады.

Сонымен бірге 18 қарашада түркітілдес мемлекеттердің философиялық қоғамдары өкілдерінің түркі дүниесінің философиялық қауымдастығын құру жөніндегі жұмыс тобының мәжілісі мен «Түркі философиялық қоғамының» ашылу конференциясын өткізу, Хажеттепе университетінде профессор Тұрсын Ғабитовтың көшбасшылық дәрісін өткізу жоспарланған. Аталған шараға дипломатиялық миссия өкілдері, түркі елдерінің белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдары да қатысады деп күтілуде.

Атап айтқанда, іс-шараға Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі **Еркебұлан Сәпиев**, ТҮРКСОЙ ұйымының бөлім басшысы **Санжар Мұлазимұғлы**, Хажеттепе университетінің профессоры, философия докторы **Өзкүл Шобанұғлы** және профессор, философия докторы **Сажиде Шобанұғлы**, философия ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының профессоры **Тұрсын**

Ғабитов, философия ғылымының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі **Айнұр Құрманәлиева**, профессор, доктор, Мимар Синан университетінің профессоры **Әбдіуахап Қара**, профессор, доктор, Анкара университетінің профессоры **Алтынташ Хайрани**, профессор, доктор, Анкара университетінің профессоры **Әли Рафет Өзкан**, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы **Бекжан Мейірбаев**, әлеуметтану ғылымының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры **Серік Сейдуманов**, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Философия орталығының директоры **Серік Нұрмұратов**, философия ғылымының докторы, профессор, Қазақстандық Философиялық Конгрестің атқарушы директоры **Аяжан Сағиқызы**, профессор, доктор, Ыстамбұл-Еуразия мәдениет және өнер орталығының директоры **Ахмет Ташағыл**, философия ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының меңгерушісі **Әсет Құранбек** және тағы да басқа ғалымдар қатысады.

25 қараша күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасында «Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өз жұмысын бастайды. Конференцияның қорытынды мәжілісінде профессор **Ғабитов Тұрсын Хафизұлының** мерейтойы аясында өткізілген іс-шаралардың нәтижелері байыпталатын болады. Конференция жұмысында түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі, ұлттық сана мен бірегейлікті негіздеудегі қазақ философиясының рөлі, қазақ мәдениеті мен Қазақстандағы мәдениеттанудың өзекті мәселелері, түркітанулық және қазақтанулық зерттеулер: мәдени-антропологиялық мәселелері талқыланбақ.

Аталған іс-шаралардың қарсаңында, 27 қазан-9 қараша аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінде профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының шығармашылығының апталығы өткізілді.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, түрік.

Конференция материалдары бойынша қатысушылардың мақалалар жинағы шығарылады.

Өтетін орны:

17 қараша, 2022 ж., 14.00
Түркия Республикасы, Анкара қаласы,
Кылыч Али көшесі, № 6, Оран, Чанкая,
ТҮРКСОЙ Бас хатшылығы.

18 қараша, 2022 ж. 9.00 -13.00
Түркия Республикасы, Анкара қаласы,

Хажеттене университеті

25 қараша, 2022 ж. 10.00 - 18.00

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

әл-Фараби даңғылы, 71/27,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

әл-Фараби Ғылыми кітапханасы, 409 зал.

Ұйымдастырушылар:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасы, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, әл-Фараби орталығы, Қазақтану орталығы), Хажеттене Университеті, ТҮРКСОЙ және Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Бас Елшілігі, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстандық Философиялық конгресс және «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасының стипендиаттары

8 (727) 377 33 30 (17-59);

+ 7 (7708) 1102965; + 7 (707) 5288675; + 7 (708) 6321985

Философия кафедрасы.